

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің ақпарат бюллетенін шығару туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 11 наурыз N 106 . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.10.05. N 79-ө өкімімен. ~R010079-ө

Жергілікті атқарушы органдарды ақпаратпен қамтамасыз ету, аймақтық мемлекеттік басқару органдарының өзара ақпарат алмасуын жақсарту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кезеңділігі 2 айда бір рет, таралымы 450 дана, көлемі 50 машинкалық бетке дейін ақпарат бюллетенін шығару туралы ұсынысы қабылдансын. Бюллетеньді шығару 1996 жылдың 1 мамырынан басталсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы /Е.Ә. Өтембаев/ Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты Аумақтық даму бөлімі үшін штат кестесіне сәйкес еңбекақы қорымен үш штаттық бірлік - аға референт - бюллетеннің редакторы, референт, аға маман қарастырсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Республикалық өндірістік-пайдалану кәсіпорны /П.Я. Вдовенко/ шағын баспахана базасында тапсырыстың орналастырылуын және ақпарат бюллетенінің басылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық атқарушы органдары, әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері ақпарат бюллетенінде жариялау үшін ақпарат-талдау материалдары, консультациялар мен түсініктемелер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер-жерлердегі аймақтық саясатын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстың тәжірибесі, облыстарда өткізілген аса маңызды шаралар туралы материалдар берілуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Кеңесі /Қ.Ермекбаев/ ақпарат бюллетенінің аудандар, қалалар мен облыстар әкімдері аппараттарына жіберіліп жеткізілуін қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр